

**Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 17 наурыздағы N 201 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 31 желтоқсан N 1878. Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004 жылғы 12 тамыздағы N 846 қаулысымен ~P040846

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Жұмысшылар мен қызметшілерге еңбек міндетін атқаруына байланысты мертiгiп қалған жағдайда немесе денсаулығына басқаша зақым келгенде олардың шеккен зиянын меншіктің барлық нысанындағы кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың өтеуі жөнiндегі Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 17 наурыздағы N 201 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 8, 97-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

атауы мен мәтiнiндегі "кәсіпорындардың, мекемелердің" деген сөздер алынып тасталсын;

2-тармақ "Еңбек" деген сөзден кейiн "және халықты әлеуметтік қорғау" деген сөздермен толықтырылсын;

аталған қаулымен бекітілген Жұмысшылар мен қызметшілерге еңбек міндетін атқаруына байланысты мертiгiп қалған жағдайда немесе денсаулығына басқаша зақым келгенде олардың шеккен зиянын меншіктің барлық нысанындағы кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың өтеуі жөнiндегі Ережеде:

атауындағы "кәсіпорындардың, мекемелердің" деген сөздер алынып тасталсын;

мәтiнiндегі "кәсіпорын, кәсіпорындар, кәсіпорынның, кәсіпорындарда" деген сөздер "ұйым, ұйымдар, ұйымның, ұйымдарда" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақтағы "кәсіпорындар, мекемелер" деген сөздер алынып тасталсын;

4-тармақтың екiнші абзацындағы "Еңбек министрлігімен бiрге Денсаулық сақтау министрлігі мен Халықты әлеуметтік жағынан қорғау министрлігі" деген сөздер "Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен бiрлесе отырып Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын;

"5. Зардап шеккен адамға айрылған жалақысына қатысты зиянын өтеудің мөлшері оның кәсіптік еңбек қабілетін жоғалту дәрежесіне байланысты болады және осы жоғалту дәрежесі бойынша орташа айлық жалақысына проценттік қ а т ы н а с т а е с е п т е л е д і .

Егер еңбекте мертігуіне, кәсіптік науқасына байланысты зардап шеккен адамға мүгедектігі бойынша мемлекеттік жәрдемақы тағайындалса, онда зиянды өтеу мөлшері осы жәрдемақының сомасына төмендетіледі.

Айрылған жалақысына қатысты зиянды өтеу жөніндегі сома зардап шеккен адамның алатын жалақысына, стипендиясына және өзге кірістеріне қарамастан т ө л е н е д і " ;

7-тармақ мынадай мазмұндағы екінші, үшінші және төртінші абзацтармен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"Зардап шеккен адамның кінәлілік дәрежесін осы жазатайым жағдайды тексеретін комиссия Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 15 желтоқсандағы N 1414 қаулысымен бекітілген Еңбекшілердің өндірісте денсаулығы зақымдануын және басқа жазатайым жағдайларды есепке алу мен зерттеп-тексеру жөніндегі ережеде белгіленген тәртіппен белгілейді.

Комиссияның шешімін қайта қарау туралы өтініш болған кезде зардап шеккен адамның кінәлілік дәрежесін айқындау туралы мәселені Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбекті қорғау және еңбек жағдайлары жөніндегі мемлекеттік инспекциясы не оның жергілікті жерлердегі бөлімшелері қарайды.

Еңбектегі мертігуіне байланысты бір жолғы жәрдемақыны төлеу және қосымша шығыстарды өтеу кезінде зардап шеккен адамның кінәлілік дәрежесі е с е п к е а л ы н б а й д ы " ;

12-тармақтағы "Еңбек министрлігі" деген сөздер "Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 3 - т а р м а қ т а :

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Арнайы медициналық және тұрмыстық күтімге мұқтаж зардап шеккен адамға, шығыстары күтім көрсетудің әрбір түрі бойынша, бұл күтімді кімнің жүзеге асыратынына қарамастан кемінде бір айлық есепті көрсеткіш тұрғысындағы есеп бойынша өтеледі";

төртінші абзац алынып тасталсын;

22, 23 және 24-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"22. Әртүрлі жұмыс берушілерде (екі және одан көп) жұмыс істеген кезде душар болған кәсіптік науқасынан еңбек қабілетінен тұрақты айрылғаны анықталғанда және оны МӘСК жиынтықтап белгілегенде зиянды өтеу үлестік принцип бойынша, осы жұмыс берушілерде жұмыс істеген уақытына бара-бар

ж ү р г і з і л е д і .

Еңбек қабілетінен тұрақты айрылғаны анықталған кезде жұмыс берушілердің бірі таратылған жағдайда зиянды өтеу қолданылып жүрген заңдарға сәйкес ж ү р г і з і л е д і .

23. Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерлерге (ТМД мемлекеттері) тұрғылықты тұруға кететін адамдарға зиянды өтеудің тәртібі Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 25 мамырдағы N 2303 Жарлығымен бекітілген Қызметкерлерге еңбек міндеттерін атқаруына байланысты мертігуімен, кәсіптік науқасымен не денсаулығын басқадай зақымдауымен келтірілген зиянды өтеуге деген құқықтарды өзара тану туралы келісімге сәйкес реттеледі.

24. Осы Ереженің шарттарына сәйкес зиянды өтеу жөніндегі белгіленген сомалардың мөлшерін қайта қарау мынадай жағдайларда:

еңбекақы мөлшері өзгерген кезде;

қайтыс болған адамның отбасы мүшелерінің құрамы өзгерген кезде;

зардап шеккен адамның кәсіптік еңбек қабілетінен айрылу дәрежесі өзгерген кезде жүзеге асырылады.

Зиянды өтеу мөлшерін қайта қарау бұрын бұл мөлшер белгіленген орташа айлық жалақыны, оны зиянды өтеуді қайта есептеу алдындағы дәл сол немесе соған ұқсас жұмыс орнындағы сәйкес біліктілігі бар жұмыскердің еңбекақы төлеудің қалыптасқан деңгейіне бара-бар жағдайға келтірудің негізінде, қайта есептеу жолымен жүзеге асырылады. Ұйымда бұл жұмыс орындарына төленетін жалақының деңгейі әртүрлі болғанда есепке олардың ұйымдағы орташа айлық жалақысы алынады, ал жұмыс орны болмаған жағдайда саладағы ұқсас кәсіптің және біліктіліктің орташа айлық жалақысы алынады";

мынадай мазмұндағы VI бөліммен және 27, 28-тармақтармен толықтырылсын :

"VI. Ұйым қайта ұйымдастырылған, таратылған (банкрот болған) жағдайда з и я н д ы ө т е у

27. Заңды тұлға таратылған (банкрот болған), қайта ұйымдастырылған ( біріккен, қосылған, бөлінген, бөлініп шыққан, қайта құрылған) кезде зиянды өтеудің тәртібі қолданылып жүрген заңдарға сәйкес белгіленеді.

Азаматтардың өміріне немесе денсаулығына зиян келтірілгеніне байланысты талаптары заңды тұлғаны тарату (борышкерді банкрот деп тану) туралы шешім қабылданған күні есептелген немесе төленген тиісті уақыттық төлемдерді капиталдандыру жолымен қанағаттандырылады. Зиянды өтеуге арналған қаражат к а п и т а л д а н д ы р у ғ а ж а т а д ы .

Егер таратылған (банкрот деп танылған) ұйымның құқықтары мен міндеттері құқықтық мұрагерге немесе жаңадан пайда болған заңды тұлғаға көшпейтін

болса, онда тарату комиссиясы (конкурстық басқарушы) зиянды өтеу үшін төленуге тиісті капиталдандырылған уақыттық төлемдердің сомаларын зардап шеккендерге немесе асыраушысының қайтыс болуына байланысты зиянды өтеп алуға құқығы бар адамдарға олардың банктегі дербес шоттарына аударады.

28. Осы Ереженің қағидалары Чернобыль АЭС-ындағы аварияны жоюға қатысқандарға қолданылмайды".

*Қазақстан Республикасының*  
*Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК